№ 19-45/98 от 17.06.2026

NAZARBAYEV UNIVERSITY

«Назарбаев Университеті» Дербес білім беру ұйымы
Жоғары білім беру мектебі
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 53
Телефон: +7 (7172) 70 66 28, e-mail: gse@nu.edu.kz

The Autonomous Organization of Education Nazarbayev University
Graduate School of Education
010000, Republic of Kazakhstan, Astana city,
53, Kabanbay batyr Ave.,
Tel: +7 (7172) 70 66 28, e-mail: gse@nu.edu.kz

« 17 » Маусым 20 26
N 19-45/98

Ақпараттық хат

Құрметті әріптестер!

Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі 2026 жылғы 27-28 қазан аралығында «Үздік білім берудегі оқытушы мен оқыту процесінің бірлігі: Жоғары білім сапасын арттырудағы серіктестік» атты маңызды халықаралық конференция ұйымдастыратынын зор қуанышпен хабарлайды.

Қазіргі кезде түрлі салалардағы ғылыми зерттеулерді талқылауға арналған конференциялар көп болғанымен, нақты оқыту сапасын арттыруға, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуына, студенттердің оқу тәжірибесін жақсартуға, оқыту мен оқу саласындағы зерттеулерге және жоғары білім сапасын жетілдіруге бағытталған халықаралық алаңдар салыстырмалы түрде аз. Конференция сыни диалог, дәлелді тәжірибе, институционалдық білім алмасу және халықаралық ынтымақтастық үшін серпінді кеңістік құра отырып, осы маңызды олқылықтың орнын толтыруды көздейді.

Конференцияны Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі Ұлыбританияның **«Advance HE»** ұйымымен және **Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігімен (QAA)** бірлесіп, сондай-ақ НУ-дың бірнеше мектептерінің қатысуымен ұйымдастырады. Аталған шара Қазақстан, Орталық Азия және одан тыс аймақтардан ғалымдардың, академиялық көшбасшылардың, оқытушылардың, студенттердің, саясаткерлердің, сапаны қамтамасыз ету мамандары мен жоғары білім беру саласы мамандарының басын қосады.

Конференция қарқынды өзгеріп жатқан жоғары білім беру үдерісінде серіктестік, инновациялық педагогика, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамыту, сапаны қамтамасыз ету, институционалдық көшбасшылық және студенттердің белсенділігі оқыту мен үйретуді қалай күшейте алатынын зерттеуге зор мүмкіндік туғызады.

Бағдарлама аясында негізгі баяндамалар, зерттеу жұмыстарының таныстырылымы, панельдік пікірталастар, воркшоптар мен кәсіби байланыс орнату (networking) мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар, аталмыш конференция Қазақстан мен Орталық Азиядағы жоғары білім беру қауымдастығы үшін оқыту шеберлігі мен білім сапасын арттыру төңірегіндегі жаһандық талқылауларға үн қосатын бірегей алаң.

000413

Конференция жергілікті, өңірлік және халықаралық сарапшылардың басын қоса отырып, нәтижелі тәжірибе алмасуды ынталандыруға, кәсіби байланыстарды нығайтуға және жоғары білім беруді жүйелі түрде трансформациялауға бағытталады. Осыған байланысты аталған маңызды іс-шарада профессор-оқытушылар құрамын, зерттеушілер мен студенттерді қатысушылар қатарынан көреміз деп үміттенеміз. Қызығушылық танытқан барлық әріптестерді баяндама аңдатпаларын (abstracts) жолдауға, конференцияға қатысуға және іс-шара туралы ақпаратты өздерінің академиялық әрі кәсіби ортасында таратуға шақырамыз.

Конференцияның веб-сайты және аңдатпаларды тапсыру туралы ақпарат мына сілтемеде қолжетімді: https://gse.nu.edu.kz/teaching_conference_2026

Сұрақтар туындаған жағдайда ұйымдастырушылармен nugse.teaching-conference@nu.edu.kz электронды поштасы арқылы байланысуға болады.

Жоғары білім берудегі оқыту шеберлігін, оқытушылар құрамын кәсіби дамыту мен білім сапасын бірге ілгерілету үшін сіздерді 2026 жылғы 27-28 қазанда Астанада бізбен бірге болады деп кәміл сенеміз.

Құрметпен,

Назарбаев Университетінің
Академиялық жоспарлау және бюджеттеу жөніндегі вице-провост /
Жоғары білім беру мектебінің деканы **А.Сагинтаева**

Орынд.: Мусина Г.
Тел.: 8(7172) 69-45-34

№ 19-45/98 от 17.06.2026

Call for abstracts

Dear colleagues!

I am pleased to share with you that the Nazarbayev University Graduate School of Education will organize a landmark international conference titled **"The Teaching-Faculty Nexus for Excellence: Partnerships to Enhance Quality in Higher Education"** on **October 27-28, 2026**, at Nazarbayev University in Astana.

While research-focused conferences are widely available across disciplines, there are relatively fewer international platforms dedicated specifically to teaching excellence, faculty development, student learning, the scholarship of teaching and learning, and quality enhancement in higher education. The NU Teaching Conference 2026 seeks to address this important gap by creating a dynamic space for critical dialogue, evidence-informed practice, institutional learning, and international collaboration.

The conference is organized by NUGSE in collaboration with **Advance HE**, UK and the **Quality Assurance Agency for Higher Education**, UK, and with the participation of several NU schools. It will bring together scholars, academic leaders, faculty members, students, policymakers, quality assurance professionals, and higher education practitioners from Kazakhstan, Central Asia, and beyond.

The conference will provide an important opportunity to explore how partnerships, innovative pedagogies, faculty development, quality assurance, institutional leadership, and student engagement can strengthen teaching and learning in rapidly changing higher education contexts. It will feature keynote addresses, paper presentations, panel discussions, workshops, and networking opportunities.

The NU Teaching Conference 2026 also offers a timely platform for universities, educators, researchers, and students in Kazakhstan and the wider region to contribute to global conversations on teaching excellence and quality enhancement. By bringing together local, regional, and international voices, the conference aims to promote meaningful exchange, strengthen professional networks, and support the continued transformation of higher education.

We would be delighted to welcome you to participate in this important event and warmly invite interested colleagues to submit abstracts, attend the conference, and share the event through their academic and professional networks.

Conference website and abstract submission information are available at: https://gse.nu.edu.kz/teaching_conference_2026. For any inquiries, please contact the conference organizers at nugse.teaching-conference@nu.edu.kz.

We very much hope that you will join us in Astana on October 27-28, 2026, as we work together to advance teaching excellence, faculty development, and quality in higher education.

With the highest regards,

Nazarbayev University
Vice Provost for Academic Planning and Budget/
Dean of the Graduate School of Education

Aida Sagintayeva

Exec.: Mussina G.
Tel.: 8(7172)69-45-34